

## "Ветеринариялық қызмет" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Ветеринариялық қызмет" кәсіптік стандарты бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылыми қамтамасыз ету басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
  - 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндеттін аткарушы

A. Сұлтанов

## "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік  
корғау министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндеттін  
аткарушының  
2024 жылғы 12 ақпандағы  
№ 57 бұйрығымен бекітілген

## "Ветеринариялық қызмет" кәсіптік стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: Осы кәсіптік стандарт ветеринариялық медицина және санитария саласындағы мамандар үшін қолданылады.
2. Осы кәсіптік стандартта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) аурулардың алдын алу – аурулардың пайда болуын болдырмау мақсатында сау жануарларды ветеринариялық тексеруге немесе профилактикалық ветеринариялық қызметтерді алуға тарту;

2) биопрепараттар – жұқпалы ауруларды диагностикалау, алдын алу және ауру жануарларды емдеу үшін қолданылатын биологиялық өнімдер;

3) биогеохимиялық провинция – сыртқы ортада белгілі бір химиялық элементтердің жетіспеушілігімен немесе артық болуымен сипатталатын жерлер, нәтижесінде жануарларда осы жерлерге тән эндемиялық аурулар пайда болады;

4) вакциналау – жұқпалы ауруларға қарсы белсенді иммунитетті қалыптастыру үшін вакциналарды қолдану;

5) виварий – эксперименттік жұмыста немесе оқу процесінде қолданылатын зертханалық жануарларды күтіп-бағуға арналған ғимарат немесе жеке үй-жай;

6) ветеринария – жануарлардың аурулары мен тамақтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың алдын алуға, диагностикалауға, емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнайы ғылыми білім және практикалық қызмет саласы;

7) диагностикалық зерттеулер – ауруларды уақтылы анықтау және жою үшін кейін зертханаларда зерттелетін биоматериалдардың сынамаларын алу;

8) дезбарьер (дезинфекциялық тосқауыл) – дезинфекциялық ерітіндімен толтырылған ванна немесе дезинфекциялық ерітіндімен суланған үгінділері бар жәшік, ол фермаға кірген кезде, мал шаруашылығы үй-жайына кірген кезде көліктің жүріс бөлігін және адамдардың аяқ киімін дезинфекциялау үшін жабдықталады;

9) дезинфекция – сыртқы орта объектілерінде жұқпалы ауруларды тудыруы мүмкін микроорганизмдерді жоюға бағытталған микробқа қарсы агенттерді қолданатын іс-шаралар;

10) диагностика – диагноз қою үшін ауруларды тану әдістері туралы ветеринария бөлімі;

11) диспансерлеу – сау, өнімділігі жоғары жануарлар табындарын құруға бағытталған жоспарлы профилактикалық және емдеу іс-шараларының жүйесі;

12) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

13) жануарларды ветеринариялық қарап тексеру – жануарлардың жалпы саулығының жай-күйін анықтау мақсатында жүргізілетін жануарды клиникалық тексеру;

14) жануарлардың аса қауіпті аурулары – тез немесе кең таралатын, жоғары аурушаңдықпен немесе өліммен қатар жүретін жануарлар аурулары;

15) жұқпалы аурулар – бұл белгілі бір органдар мен тіндердің морфологиясы мен функциясындағы өзгерістердің дамуында, кейде ағзаның өмірлік белсенелілігінің бұзылуында көрінетін инфекцияның бір түрі. Жұқпалы аурулар инфекциялық емес аурулардан айырмашылығы тірі себептерден (вирустар, бактериялар, саңырауқұлақтар) туындарды, инфекциямен, таралу үрдісімен, клиникалық ағымның циклділігімен және кейіннен алынған иммунитеттің дамуымен сипатталады;

16) иммундау – ағзада жасанды иммунитет құру арқылы жұқпалы аурулардың нақты алдын алу әдісі;

17) иммунитет – ағзаны тірі заттардан және бөгде генетикалық ақпараттың белгілерін алып жүретін заттардан қорғау тәсілі;

18) карантин – эпизоотиялық ошақты жою және аурудың таралуына жол бермеу мақсатында эпизоотиялық ошақ, саламатсыз пункт және ветеринариялық-санитариялық саламаттылық аумағы арасында шаруашылық байланыстарды шектеуге немесе тоқтатуға және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) тоқтата тұруға бағытталған ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим;

19) кәсіптік стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

20) саламатты аймақ – жануарлардың саны ресми ветеринариялық бақылауда болатын және белгілі бір мерзім ішінде қандай да бір жұқпалы аурудың бірде-бір жағдайы тіркелмеген шектеулі аймақ;

21) саламатсыз аймақ – жануарлардың қандай да бір жұқпалы ауруы белгіленген шектеулі аймақ;

22) мал сою пункті – ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізе отырып, ветеринариялық-санитариялық нормалар мен талаптарға жауап беретін жануарларды сою және жануарларды сою өнімін бастапқы өндеу жөніндегі жабдықпен жараптандырылған мамандандырылған үй-жай;

23) мал шаруашылығы кешендері – өнеркәсіптік негізде мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін ірі мемлекеттік, жеке меншік кәсіпорындар;

24) санитария – гигиена (зоогигиена) талаптарын сақтауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

25) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – салада танылатын сараланған біліктілік деңгейлерінің негізdemelіk құрылымы болып табылатын ұлттық біліктілік жүйесінің құрамдас бөлігі (кіші жүйесі);

26) сырқаттанушылық – мал басын қандай да бір аурумен қамту дәрежесін сипаттайтын көрсеткіш;

27) эпизоотия – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының жаппай таралуы;

28) эпизоотиялық мониторинг – эпизоотологиялық тексеруді және жануарлардың нақты ауруының даму заңдылықтары туралы ақпаратты қоса алғанда, жануарлар ауруларының таралуы туралы сандық деректерді жинау жүйесі;

29) эпизоотияға қарсы іс-шаралар – жұқпалы аурулардың алдын алуға, оларды анықтауға және жоюға бағытталған жоспарлы іс-шаралар кешені.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) ҚР – Қазақстан Республикасы;

2) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) БА – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

4) ББХСК – білім берудің халықаралық стандартты классификациясы;

5) КС – кәсіби стандарт;

6) ҰБК – ұлттық біліктілік шеңбері;

7) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

8) ВМ – ветеринариялық медицина;

9) ВС – ветеринариялық санитария;

10) БҚ – биологиялық қауіпсіздік;

11) ВСС – ветеринариялық санитариялық сараптама;

12) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

## 2-тaraу. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Ветеринариялық қызмет.

5. Кәсіптік стандарттың коды: М75000004.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет;

75 Ветеринариялық қызмет;

75.0 Ветеринариялық қызмет;

75.00 Ветеринариялық қызмет;

75.00.0 Ветеринариялық қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: қызметі диагностикалық, емдеу-профилактикалық және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды сапалы және толыққанды орындау үшін негізгі, қосымша және дайындық жұмыстарын орындауға, агрономикалық кешен салаларындағы ауыл шаруашылығы жануарларының, құстар мен балықтардың барлық түрлерінің ауруларын диагностикалау, алдын алу және емдеу есебінен жануарлардың саулығы мен ветеринариялық қауіпсіздігін сактау жөніндегі іс-шараларды орындауға бағытталған ветеринариялық кәсіптердің сипаттамасы келтірілген.

## 8. Кәсіптік карточкалардың тізімі:

- 1) Ветеринариялық санитар - СБШ 3-денгейі
- 2) Ветеринариялық фельдшер – СБШ 4-денгейі
- 3) Ветеринариялық дәрігер - СБШ 6-денгейі
- 4) Ветеринариялық-санитариялық дәрігер - СБШ 6-денгейі
- 5) Ветеринариялық дәрігер (серолог) - СБШ 6-денгейі
- 6) Ветеринариялық дәрігер (эпидемиолог) - СБШ 6-денгейі
- 7) Ветеринариялық хирург - СБШ 6-денгейі
- 8) Ветеринариялық зертхана менгерушісі - СБШ 7-денгейі
- 9) Ветеринариялық станцияның менгерушісі - СБШ 7-денгейі
- 10) Ветеринариялық пункт менгерушісі - СБШ 7-денгейі
- 11) Ветеринариялық участке менгерушісі - СБШ 7-денгейі
- 12) Ветеринариялық дәріхана менгерушісі - СБШ 7-денгейі
- 13) Ветеринариялық клиника (емхана, поликлиника) менгерушісі - СБШ 7-денгейі

## 3-тaraу. Кәсіптер карточкалары

9. "Ветеринариялық санитар" кәсіптік карточкасы			
Топтың коды:	5190-4		
Қызмет атауының коды:	5190-4-007		
Кәсіптің атауы:	Ветеринариялық санитар		
СБШ бойынша біліктіліктің деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:	3		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктіліктің деңгейі:	БТБА, 64-шығарылым Ветеринариялық санитар 3-4 разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік білім (жұмысшы кәсіптер )	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	тиісті салада 1 жыл		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	кәжет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Жануарларды ветеринариялық өндірек жөніндегі оператор		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарлардың (оның ішінде құстар мен гидробионттардың) саулығын камтамасыз ету жөніндегі емдеу-профилактикалық және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде көмекші және дайындық жұмыстарын орындау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндепті еңбек функциялары:	<p>1. Жануарлардың аурулары мен өлімінің алдын алу бойынша ветеринариялық және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды орындау.</p> <p>2. Емдеу, профилактикалық және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде қосалқы және дайындық жұмыстары.</p> <p>.</p>
	Қосымша еңбек функциялары:	
1-еңбек функциясы: Жануарлардың аурулары мен өлімінің алдын алу бойынша ветеринариялық және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды орындау.	1-дағды: Жаппай емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу.	<p>Машықтар:</p> <p>1. Құрал-жабдықтар мен аспаптарды жұмысқа әзірлеу.</p> <p>2. Жануарларды өңдеуге арналған дезинфекциялық және дератизациялық ертінділерді дайындау.</p> <p>3. Мал және құс шаруашылығы үй-жайларында дезинфекция жүргізу, жануарларды азықтандыру және күтіп-бағу.</p> <p>4. Жануарларды жаппай вакциналау кезінде, сондай-ақ жануарлардың мәйіттерін патологиялық-анатомиялық ашу және қолдану кезінде ветеринариялық мамандарға көмек көрсету.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Жануарлармен жұмыс істеу кезінде, құралдарды, жабдықтарды пайдалану кезінде жеке қауіпсіздік қағидалары.</p> <p>2. Жануарлар мен құстардың ең жиі кездесетін аурулары туралы негізгі мәліметтер және олардың алдын алу принциптері.</p> <p>3. Дәрі-дәрмектерді, биопрепараттарды, дезинфекциялау құралдарын, дезинфекциялау құрал-жабдықтары мен құралдарын сақтау және сақтау қағидалары мен қолдану тәртібі.</p> <p>4. Жануарлардың жаракат алу және улануы кезінде жануарларға алғашқы көмек көрсету.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Емдеу-профилактикалық іс-шаралар жоспарын орындау	<p>Машықтар:</p> <p>1. Ветеринариялық қызметте визуалды және техникалық бақылау әдістерін қолдану.</p> <p>2. Арнайы жабдықтар мен құралдарды қолдану</p> <p>3. Жануарлармен, дәрі-дәрмектермен және улы заттармен жұмыс істеу кезінде жеке қауіпсіздік шараларын сақтау.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері.</p> <p>2. Жануарлардың өлексерлерін кәдеге жарату қағидалары.</p> <p>3. Мал шаруашылығы үй-жайларындағы микроклимат параметрлері.</p>

	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі :</b></p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Изолятордағы ауру жануарларға күтім жасау.</li> <li>Жараларды өңдеуді, термометрияны жүргізу,</li> <li>Дәрілік заттарды, таңғыш материалдар мен құралдарды қолдануға әзірлеу;</li> <li>Жарақат алу, улану кезінде жануарларға алғашқы көмек көрсету.</li> </ol> <p>1-дағды:</p> <p>Ауру жануарларға күтім жасау.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жануарлар анатомиясы мен физиологиясының негіздері.</li> <li>Изоляторда ауру жануарларды күту ережелерін білу.</li> <li>Жануарларға емдік көмек көрсетудің тәжірибелік тәсілдері.</li> <li>Жануарлармен жұмыс істеу барысында құралдарды, жабдықтарды пайдалану кезінде жеке қауіпсіздік ережелері.</li> </ol> <p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі :</b></p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Әр түрлі этиология аурулары бар жануарларды емдеу үшін терапевтік, хирургиялық әдістер мен манипуляциялар өткізуге қатысу.</li> <li>Ветеринариялық ауруханада, зертханаларда, участкеде және пунктте санитариялық тәртіпті ұстану.</li> <li>Ветеринариялық мамандарға малдың төлдеуінде және зерттеу үшін материал алу кезінде көмек көрсету.</li> <li>Ветеринарлық дәрігердің нұсқауы бойынша ауру және ауруға күдікті жануарларды карантинге жабу және оқшаулау жөніндегі іс-шараларды жүргізу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жалпы алдын алу негіздері, аурулардың себептері мен олардың жіктелуі.</li> <li>Хирургиялық құралдар мен таңғыш материалдарды заарсыздандыру ережелері.</li> <li>Ең жиі қолданылатын дәрілік заттар, олардың әсері және жануарлар ағзасына енгізу әдістері.</li> <li>Дәрі-дәрмектерді, биопрепараттарды, дезинфекциялау құралдарын, құралдарды және дезинфекциялау техникасын сактау қағидалары мен пайдалану тәртібі.</li> </ol> <p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі :</b></p> <p>Күйзеліске тұрақтылық</p> <p>Аналитикалық ойлау</p>	Ұсынылмайды
2-енбек функциясы: Емдеу, профилактикалық және ветеринариялық-санитар иялық іс-шараларды жүргізу кезінде көмекші және дайындық жұмыстары.		
	<p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі :</b></p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Әр түрлі этиология аурулары бар жануарларды емдеу үшін терапевтік, хирургиялық әдістер мен манипуляциялар өткізуге қатысу.</li> <li>Ветеринариялық ауруханада, зертханаларда, участкеде және пунктте санитариялық тәртіпті ұстану.</li> <li>Ветеринариялық мамандарға малдың төлдеуінде және зерттеу үшін материал алу кезінде көмек көрсету.</li> <li>Ветеринарлық дәрігердің нұсқауы бойынша ауру және ауруға күдікті жануарларды карантинге жабу және оқшаулау жөніндегі іс-шараларды жүргізу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жалпы алдын алу негіздері, аурулардың себептері мен олардың жіктелуі.</li> <li>Хирургиялық құралдар мен таңғыш материалдарды заарсыздандыру ережелері.</li> <li>Ең жиі қолданылатын дәрілік заттар, олардың әсері және жануарлар ағзасына енгізу әдістері.</li> <li>Дәрі-дәрмектерді, биопрепараттарды, дезинфекциялау құралдарын, құралдарды және дезинфекциялау техникасын сактау қағидалары мен пайдалану тәртібі.</li> </ol> <p><b>Дағдыны тану мүмкіндігі :</b></p> <p>Күйзеліске тұрақтылық</p> <p>Аналитикалық ойлау</p>	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:		

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-ның деңгейі:  4  4	Кәсіптің атауы:  Жануарларды ветеринариялық өндеге жөніндегі оператор  Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру жөніндегі оператор	
10. "Ветеринариялық фельдшер" кәсіптік карточкасы			
Топтың коды:	3240-0		
Қызмет атауының коды:	3240-0-006		
Кәсіптің атауы:	Ветеринариялық фельдшер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:	4		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА, 64-шығарылым  Жануарларды ветеринариялық өндеге жөніндегі оператор		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:  техникалық және кәсіптік білім (орта деңгейдегі маман)	Мамандық:  Ветеринария	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне көйлілатын талаптар:	Тиісті бағыт бойынша кемінде 3 жыл		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Ветеринариялық техник  Ветеринариялық фельдшер-зертханашы		
Қызметтің негізгі максаты:	Жануарлардың саулығын қамтамасыз ету бойынша диагностикалық, емдеу-профилактикалық және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде операцияларды орындау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өндірістік процестерді және ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жоспарлау.  2. Диагностикалық, емдеу-профилактикалық, ветеринариялық-санитариялық және эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар:  1. Инфекциялық, инвазиялық аурулардың алдын алу және жою бойынша іс-шараларды әзірлеу және себептерін талдау.	

	<p>1-дағды:</p> <p>Ветеринариялық-профилактикалық іс-шара-лардың қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық іс-шараларын жүргізу.</p>	<p>2. Аурулардың алдын алу бойынша ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды профилактикалық шараларды ұйымдастыру және жүргізу.</p> <p>3. Дәрі-дәрмектердің, дезинфекциялық құралдардың және басқа да материалдардың тұсул мен жұмсалуын есепке алуды жоспарлау және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.</p> <p>4. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.</p> <p><b>Білімдер:</b></p> <p>1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.</p> <p>2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заны.</p> <p>3. Ветеринариялық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>4. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларының негізі.</p>
<p>1-енбек функциясы:</p> <p>Өндірістік процестердің және ветеринариялық-профилақтикалық іс-шаралардың ұйымдастыру және жоспарлау.</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
	<p>2-дағды:</p> <p>Емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу және олардың нәтижелерін қорытындылау.</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <p>1. Жүргізілген емдеу-профилактикалық іс-шараларына талдау жасау.</p> <p>2. Ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру үшін жабдықтар мен құралдардың қажетті түрлерін іріктеуді жүзеге асыру.</p> <p>3. Дәрілік, дезинфекциялық және басқа да профилактикалық құралдарды іріктеуді жүзеге асыру.</p> <p>4. Жануарлардың ауруларын дәрі-дәрмекпен емдеу әдістерін қолдану.</p> <p><b>Білімдер:</b></p> <p>1. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заны.</p> <p>2. Мал шаруашылығындағы ветеринариялық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер.</p> <p>3. Еңбекті қорғау талаптары және тіршілік қауіпсіздігі.</p> <p>4. Жануарлардың аурулары мен өлімінің алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу қағидалары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p> <p><b>Машықтар:</b></p> <p>1. Изоляторда ауру жануарларға күтім жасау.</p> <p>2. Термометрия, хирургиялық жараларды тану шараларын жүргізу.</p> <p>3. Травматикалық закымдану, улану кезінде жануарларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету.</p>

	<p>1-дағды:</p> <p>Ауру жануарларга күтім жасау және дәрігерге дейінгі көмек көрсету.</p>	<p>4. Зертханалық зерттеулер үшін сынамаларды ірктеуді жүзеге асыру.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Карантиндегі изоляторда және изоляторда ауру жануарларды құту қағидалары.</li> <li>Жануарларға емдік көмек көрсету әдістері мен тәсілдері.</li> <li>Дәрілік заттарды енгізу тәсілдері.</li> <li>Жануарлармен жұмыс істеу барысында құралдарды, жабдықтарды пайдалану кезінде жеке қауіпсіздік қағидалары.</li> </ol>
2-еңбек функциясы: Диагностикалық, емдеу-профилактикалық, ветеринариялық-санитар иялық және эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу.	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>2-дағды:</p> <p>Диагностикалық және емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу.</p>	<p>Ұсынылмайды</p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жануарларды диагностикалау және емдеу әдістері.</li> <li>Жануарлардың клиникалық жай-күйін жалпы және аспаптық әдістермен анықтау;</li> <li>Жануарлардың ауруларын диагностикалау және емдеу үшін құралдар мен дәрі-дәрмектерді тандау, іріктеп алу.</li> <li>Диагностикалық және терапевтік манипуляциялардың нәтижелерін талдау және түсіндіру.</li> <li>Жануарлар өлексерлерін ашу.</li> <li>Жануарлар ауруларының алдын алу үшін емдеу-алдын алу шараларын жүргізу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жануарлар ауруларын диагностикалау мен емдеу терапиясының заманауи әдістері.</li> <li>Терапиялық және диагностикалық ветеринариялық жабдықтар мен құралдарды пайдалану.</li> <li>Жануарлар ауруларының алдын алу және емдеудің тиімді әдістері мен тәсілдері.</li> <li>Ен жиі колданылатын дәрілік құралдар, олардың әсері және жануарлар ағзасына енгізу әдістері.</li> <li>Дәрі-дәрмектерді, биопрепараттарды, дезинфекциялау құралдарын, аспаптарын және дезинфекциялау техникасын сақтау қағидалары және пайдалану тәртібі.</li> <li>Мал шаруашылығы үй-жайларында дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері.</li> </ol> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>Ұсынылмайды</p>
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Аналитикалық ойлау Жұмыс процестерін бақылау	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-	

СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-ның деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	5	Зоотехник
	5	Асыл тұқымдық іс жөніндегі техник

#### 11. "Ветеринариялық дәрігер" кәсіптік карточкасы

Топтың коды:	2250-0		
Қызмет атауының коды:	2250-0-003		
Кәсіптің атауы:	Ветеринариялық дәрігер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	6		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19280 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы үйымдарының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі – Ауыл шаруашылығы үйымдарының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары).</p> <p>Ветеринариялық дәрігер, жануарларды ветеринариялық өндіреу жөніндегі оператор</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (Мамандық: бакалавриат, специалитет , ординатура)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Тиісті бейін бойынша кемінде 3 жыл		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	кемінде 3 ай мерзімде "Ветеринариялық дәрігер" қысқа мерзімді курсарынан өте отырып, орта деңгейден төмен емес білім алуға болады.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	<p>Бас ветеринариялық дәрігер</p> <p>Ветеринариялық-санитариялық дәрігер</p> <p>Ветеринариялық дәрігер (эпидемиолог)</p>		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарлардың барлық түрлерінің, оның ішінде құстардың, арапардың, балықтардың саулығын сактау және қамтамасыз ету. Жануарлардың өнімділігін жақсарту, ветеринариялық бақылау, сот-ветеринарлық және ветсанитарлық сараптама.		

#### Еңбек функцияларының сипаттамасы

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жануар ауруларына және олардың пайда болу себептеріне диагностика жүргізу. 2. Жануарлар ауруларын емдеу және алдын алу. 3. Жануарлар ауруларының алдын алуға және жоюға бағытталған ветеринариялық-санитариялық және профилактикалық іс-шараларды жүргізу.
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, ветеринария саласындағы басшылық, нормативтік, нұсқаулық және әдістемелік материалдар.
Машықтар:		

<p>1-енбек функциясы: Жануарлар ауруларына және олардың пайда болу себептеріне диагностика жүргізу.</p>	<p>1. Жануарлар ауруларының диагнозын қою үшін ғылым мен технологияның заманауи жетістіктерін қолдана отырып, клиникалық, иммунологиялық және басқа зертханалық зерттеулер жүргізу. 2. Клиникалық ветеринариялық тәжірибеде диагностика мен емдеудің заманауи әдістерін әзірлеу. 3. Патологиялық процестердің ықтимал себептерін, даму механизмдерін және нәтижелерін анықтау және сот-ветеринариялық сараптаманың қорытындыларын дәлелдеу. 4. Жануарлардың ауруларын дәл диагностикалау үшін жұмыста арнайы компьютерлік қолданбалы бағдарламаларды қолдану. 5. Ветеринариялық іс-шараларды жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортанды қорғау және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>1-дағды:</p> <p>Жануарлардың ауруларын диагностикалаудың негізгі принциптері.</p>	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.</li> <li>Әдістемелік нұсқауларға, нұсқаулықтарға, жануарларды диагностикалау, алдын алу және емдеу қағидаларына сәйкес жалпы әдістерді пайдалана отырып, жануарларға клиникалық зерттеу жүргізу техникасы.</li> <li>Тізбелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жануарлар ауруларының жалпы қабылданған өлшемшарттары мен жіктемелері.</li> <li>Жануарларды зерттеудің арнайы (аспаптық) әдістерінің деректерін түсіндіру және талдау әдістері.</li> <li>Жануарларға арнайы (аспаптық) зерттеулер жүргізу кезінде пайдаланылатын құралдармен және жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу қағидалары.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>2-дағды:</p> <p>Өлгеннен кейін жануардың өлексесін</p>	<p>Ұсынылмайды</p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Өлген жануардың өлекселерін тексеру және сою.</li> <li>Зертханалық зерттеулер үшін сынама алушы жүзеге асыру.</li> <li>Жануардың өлекссін сою үшін мамандандырылған жабдықтар мен құралдарды пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.</li> <li>Диагноз қою үшін патологиялық анатомиялық сою нәтижелерін талдау және түсіндіру.</li> <li>Өлексені сою нәтижелерін ресімдеу және сараптама актісін (сою хаттамасын) беру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p>

	<p>диагностикалық сою және патологиялық-анатомиялық диагноз қою.</p> <p>1. Әр түрлі жануарлардың өлексерлерін сою әдістері мен техникалары.</p> <p>2. Өлген жануарлардың ағзалары мен жүйелерін зерттеу алгоритмі.</p> <p>3. Нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес зертханалық талдауларды орындау үшін патологиялық анатомиялық материал сынамаларын іріктеу әдістемесі.</p> <p>4. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес жануарлардың өлексерін сою процесіне қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптар.</p> <p>5. Өлген жануарды сою хаттамасын немесе актісін жасау нысаны мен тәртібі.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
<p>1-дағды:</p> <p>Әр түрлі этиологиядағы жануарлардың аурулары кезінде емдеу шараларын жүргізу.</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Әр түрлі этиологиялы аурулары бар жануарларды емдеу үшін терапиялық, хирургиялық және акушерлік-гинекологиялық амалдар мен әдістерді қолдану.</p> <p>2. Ауру жануарларды емдеуді жүргізу, жануарларды күтіп-бағу, азықтандыру және күту кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық қағидалардың орындалуын қадағалау.</p> <p>3. Жануарларды емдеу үшін арнайы жабдықтар мен құралдарды қолдану.</p> <p>4. Стандарттау және сертификаттаумен халықаралық талаптарға сәйкес ветеринарлық препараттардың сапасына бағалау жүргізу.</p> <p>5. Емдеу процедуラларын жүргізу кезінде арнайы жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу қағидалары.</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>1. Жануарларды емдеуде дәрілік және дәрілік емес терапияны таңдау алгоритмі мен өлшемшарттары.</p> <p>2. Жануарларды емдеу үшін негізгі терапиялық, хирургиялық және акушерлік әдістер мен манипуляциялар.</p> <p>3. Жануарлардың қалыпты кезінде және патологиясында функционалды құйінің параметрлерін қалыптастыру.</p> <p>4. Емдік рәсімдерді орындауға арналған арнайы жабдықтар мен құралдарды пайдалану.</p> <p>5. Әртүрлі патология кезінде жануарлар ағзасына жана дәрілік заттардың фармакологиялық әсерінің негізгі механизмдері.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
2-енбек функциясы: Жануарлар ауруларын емдеуді және алдын алууды жүргізу.	Машықтар:

	<p>1. Мал шаруашылығында профилактикалық және ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар өткізу жоспарларын әзірлеу.</p> <p>2. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің, сондай-ақ жануарларды, өнімдер мен шикізатты сақтау және өткізу пункттерінің ветеринариялық-санитариялық саламаттылығын қамтамасыз ету.</p> <p>3. Мал шаруашылығы субъектілерінде, өнімдер мен шикізатты сақтауға арналған үй-жайларда дезинфекциялауды, дезинсекциялауды және дератизациялауды ұйымдастыру.</p> <p>4. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының, ветеринариялық-санитариялық қағидалардың және халықты адамдар мен жануарларға ортақ аурулардан корғау жөніндегі қағидалар талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>1. Мал шаруашылығы объектілерінде дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері.</p> <p>2 Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, ветеринария саласындағы нормативтік және нұсқаулық материалдар.</p> <p>4. Табиғи ошакты және антропозоонозды ауруларға қарсы емдеу-алдың алу іс-шараларын жүргізуін үзгізу әдістері.</p> <p>5. Биологиялық қалдықтарды сақтау және кәдеге жарату және жануарлардың өлексерлерін кәдеге жарату қағидалары.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	ұсынылмайды
1-дағды: Мал шаруашылығы объектілерінде карантиндік іс-шараларды жүзеге асыру.	<p>Машықтар:</p> <p>1. Мал шаруашылығы объектілерінде ветеринариялық-профилактикалық карантиндік іс-шаралар жоспарын құру.</p> <p>2. Мал өсіру шаруашылықтарында карантиндік іс-шаралар өткізу бойынша жұмыстар ұйымдастыру.</p> <p>3. Мал шаруашылығы объектілерінде карантиндік іс-шараларды ұйымдастыру бойынша мамандандырылған ақпараттық дерекқорды қолдану .</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.</p> <p>2. Ветеринариялық қадагалау объектілерінде карантиндік іс-шаралар өткізу жөніндегі қағидалар мен нұсқаулар.</p> <p>3. Саламатсыз пунктте жануарлардың аса қауіпті жүқпалы аурулары кезінде карантин мен шектеу іс-шараларын белгілеу қағидалары.</p>

Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
2-дағды: Эпизоотиялық жағдайға талдау жүргізу.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жануарлар мен құстардың жүқпалы аурулары кезіндегі ветеринариялық іс-шараларды ветеринариялық есепке алу және есептілік жоспарын күру.</li> <li>Жүқпалы аурулардың эпизоотиялық ошағын толық оқшаулауды және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүйелі және жоспарлы орындауды жүзеге асыру.</li> <li>Мал шаруашылығы объектілерінде дезинфекция, дезинсекция, дератизация және дезактивация жүргізуді ұйымдастыру.</li> </ol>
3-еңбек функциясы: Жануарлар ауруларының алдын алуға және жоюға бағытталған ветеринариялық-санитар иялық және профилактикалық іс-шараларды жүргізу.	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заны.</li> <li>Мал шаруашылығы объектілерінде дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері.</li> <li>Мал шаруашылығы үй-жайларындағы микроклимат параметрлерінің нормативтік көрсеткіштері.</li> <li>Жануарлардың жүқпалы аурулары кезінде ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар өткізу үйымдастыру қағидалары.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
3-дағды: Жануарлардан және өсімдіктерден алынатын өнімдерге ветеринариялық-санитар иялық сараптама жүргізу.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жануарлар мен құстарды ветеринариялық тексеруді ұйымдастыру.</li> <li>Жануарларды сою алдындағы ветеринариялық санитариялық сараптама қағидаларын пайдалану және жануарлар мен өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттарды ветеринариялық санитариялық сараптама нәтижелерін бағалау.</li> <li>Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде ветеринарияда қолданылатын зертханалық жабдықтар мен аспаптарды пайдалану.</li> <li>Әр түрлі көлік құралдарымен тасымалдау процесінде жануарлардың жне олардан алынатын өнімдер мен шикізаттың әл-ауқатын қамтамасыз ету.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық санитариялық сараптама жүргізу әдістері.</li> <li>Жануарлар мен өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттың сынаамалары мен ветеринариялық санитариялық сараптама нәтижелерін тіркеуді есепке алу журналдарының нысандары және ресімдеу қағидалары.</li> </ol>

		3. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мал сою өнімдеріне, шикізатқа және ет өнімдеріне қойылатын ветеринариялық санитариялық және тамақ қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. 4. Жануарлардан, өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізатты залалсыздандыру, кәдеге жарату және жою тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
1-қосымша еңбек функциясы:  Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, ветеринария саласындағы басшылық, нормативтік, инструктивтік және әдістемелік материалдар.	1-дағды:  Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу.	Машықтар:  1. Ветеринариялық қызмет саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен және құжаттармен жұмыс істеу.  Білімдер:  1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 3. Ветеринариялық қызмет мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер. 4. Жануарлардың жүқпали және аса қауіпті ауруларымен күресу жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтар.
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Дербестік және жауапкершілік Командада жұмыс істей білу Аналитикалық ойлау	
СБШ аясында басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-ның деңгейі:  6 6	Кәсіптің атауы:  2250-0-002 Ветеринариялық-санитариялық дәрігер 2250-0-003 Ветеринариялық дәрігер
12. "Ветеринариялық-санитариялық дәрігер" кәсіптік карточкасы:		
Топтың коды:	2250-0	
Қызмет атауының коды:	2250-0-002	
Кәсіптің атауы:	Ветеринариялық-санитариялық дәрігер	
СБШ бойынша біліктіліктің деңгейі:	6	
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:	6	
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Ауыл шаруашылығы үйымдарының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. Қазақстан Республикасының Үлттық кәсіптер сыныптауышы ҚР ҰЖ 01 (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Үлттық кәсіптер сыныптауышы). Ветеринария	
	Білім деңгейі:	

Кәсіптік білім деңгейі:	жоғары білім (бакалавриат, специалитет, ординатура)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Тиісті бағыт бойынша кемінде 3 жыл		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	кәжет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Ветеринариялық дәрігер (эпидемиолог) Ветеринариялық зертхана менгерушісі		
Кызметтің негізгі мақсаты:	Ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу, бақылауға жататын объектілерді тасымалдау кезінде бақылау жүргізу және мал, құс, балық, балара шаруашылықтары объектілерінде ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жануарлардан және өсімдіктерден алынған өнімнің, шикізаттың, балара шаруашылығы мен су шаруашылығы өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін ветеринариялық-санитариялық бақылау		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының ет және сою өнімдеріне, балық шаруашылығы және балара шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу. 2. Сүт, сүт өнімдері, бал, жұмыртқа мен өсімдік тағамдарына ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу. 3. Мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, балық шаруашылығы, балара шаруашылығы объектілерінің ветеринариялық-санитариялық саламаттылығын қамтамасыз ету.	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, ветеринария саласындағы басшылық, нормативтік, нұсқаулық және әдістемелік материалдар.	
Дағды 1: Жануарлар мен құстарды союды жүргізу,		Машықтар: 1. Сою алдындағы тексеру нәтижелері негізінде жануарларды етке союға рұқсат берілуін анықтау. 2. Жануарлар мен құстардың ауруларын анықтау үшін ветеринариялық-санитариялық сараптама әдістерін қолдана отырып, соудан кейінгі ветеринариялық тексеруді жүргізу. 3. Кейіннен пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін ветеринариялық санитариялық сараптама әдістерін пайдалана отырып, кесілген етке ветеринариялық-санитариялық тексеру жүргізу. 4. Жалған екендігіне құдік туындаған жағдайда ет пен сою өнімдерін түрлік тиістілілікке сәйкестендіруді жүзеге асыру. 5. Жануарлардан алынатын ет, өнімдер мен шикізатқа зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде зертханалық жабдықтар мен аспаптарды пайдалану. 6. Өнімдердің, соыйылған ет шикізаты мен ет өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық	

<p>жануарлар мен күстардың ет, сою өнімдерін ветеринариялық-санитар иялық сараптау және олардың тағамдық қауіпсіздігін бағалау.</p> <p>1-еңбек функциясы: Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының ет және сою өнімдеріне, балық шаруашылығы және балара шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық-санитар иялық сараптама жүргізу.</p>	<p>талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық құжаттарды ресімдеу.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасы ветеринария және тамак өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасына сәйкес шикізат пен ет өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық және тамак қауіпсіздігіне қойылатын талаптар.</li> <li>Жануарлар мен күстарды, сою өнімі мен шикізатын сою алдындағы және союдан кейінгі қарап-тексеруді жүргізу тәртібі.</li> <li>Ет пен ет өнімдерінің балғындығын анықтаудың заманауи әдістері.</li> <li>Ет өнімдерінің түрлері мен сәйкестендіру бойынша зерттеулер жүргізу әдістемесі.</li> <li>Сою өнімдері мен жануарлардан алынатын шикізаттың құрамында улы, химиялық заттардың болуына зертханалық зерттеулер жүргізу тәртібі.</li> <li>Пайдалануға жарамсыз деп танылған етті, ет өнімдерінің етті өнімдерін және жануарлар шикізатын заарсыздандыру, кәдеге жарату және жою тәртібі.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>2-дағды:</p> <p>Балық шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық-санитар иялық сараптама жүргізу.</p>	<p>Ұсынылмайды</p> <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Ішкі сауда объектілерінде және балық шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарында оларға ветеринариялық-санитариялық қарап-тексеру жүргізу.</li> <li>Зерттеулер жүргізу үшін зертханалық жабдықтар мен аспаптарды пайдалану.</li> <li>Ветеринариялық санитариялық сараптама нәтижелерін ескере отырып, бағалау негізінде балық шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға және сатуға жол берілетіндігін не жол берілмейтіндігін айқындау.</li> <li>Ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері негізінде есептік-есепке алу құжаттамасын ресімдеу.</li> <li>Сапасыз деп танылған балық шаруашылығы өнімдерін заарсыздандыруды, кәдеге жаратуды және жоуды жүргізу.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасы заңнамасымен қойылатын ветеринариялық-санитариялық және тамак қауіпсіздігінің талаптары.</li> <li>Ветеринариялық сараптама жүргізу үшін балық шаруашылығы өнімдерін іріктеу әдістемесі.</li> <li>Балық өнімдеріне ветеринариялық санитариялық сараптама жүргізуге арналған зертханалық жабдықтар мен аспаптармен жұмыс істеу қағидалары.</li> </ol>

	<p>4. Рұксат беру сипаты бар ветеринариялық құжаттарды ресімдеу қағидалары.</p> <p>5. Балық шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық санитариялық сараптама нәтижелері бойынша ресімделетін есепке алу және есеп беру құжаттарын жүргізу қағидалары.</p> <p>6. Тұтыну үшін сапасыз деп танылған балық өнімдерін залалсыздандыру, кәдеге жарату және жою тәртібі.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
